

« Біз –тәуелсіз елміз»

Мақсаты: Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін паш ету,балаларға желтоқсан құрбандарымен ,желтоқсан

Шаттық шеңбері:

-Біз балдырған тең басқан,

Дос құшағын кең ашқан.

Тілегіміз тыныштық,

Ашық болсын көк аспан.

Мықты болсын іргеміз,

Бәрімізде біргеміз

Тәрбиеші:

Тәуелсіздік бізге оңай келмеді,

Жұртым менің не қиындық көрмеді?

Жылап тұрып аналарым бұл жолда,

Сан перзентін қара жерге жерледі.

Тәуелсіздік бізге оңай келмеді,

Асау аттай өз тізгінін бермеді.

Қазағымның алтын басын иілтіп,

Талай дұшпан төрімізге төрледі.

-1986ж 16-желтоқсанда таңертең Алматыда жаппай толқу басталды.

Жастар алаңға жинала басталды. Алаңда «Бізқазақ, ежелден еркіндік аңсаған», «Әрбір ұлтты өз көсемі басқарсын»,»Тәуелсіздік керек.»-деген ұрандар айтылды.Алматы гарнизонын жауынгерлік дайындыққа келтіріп ,көп күшпен алаңдағы жастарды қоршап алды.Алматыға әр аймақтардан әскердің арнайы бөлімдері жіберілді. Өз елінің тәуелсіздігін талап етіп ,шеруге шыққан жастарға «Бұзақылар»,»Ұлтшылдар»,»Нашақорлар» деген кінә тағылды. Көптеген студент жастар түрмеге қамалды, оқу орнынан шығарылды. Тәуелсіздік жолында Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова,

Ербол Спатаев, Сабира тағы басқалары сияқты қазақ жастары желтоқсан оқиғасы кезінде қайсарлықпен ерлік көрсетіп құрбан болды.

-Ой ашар,сұрақ-жауап:

-Отан дегеніміз не?

-Біздің отанымыз қалай аталады?

-Біз қай ұлтпыз?

-Біздің ана тіліміз қандай?

-Елбасымыз кім?

-Тәуелсіздік бізге оңай келмеді,

Асау аттай өз тізгінін бермеді.

Қазағымның алтын басын иілтіп,

Талай дұшпан төрімізге төрледі.

Фариза

-Астана біздің сәніміз,

Білім біздің нәріміз.

Азат елдің тірегі,

Болайықшы бәріміз.

М.Айзере



--Қай жылы тәуелсіздік алдық?

-16-желтоқсан ,

Егемендік алған күн.

Ерекше бол мәңгілік,

Ел есінде қалған күн.

Еркемай

-16желтоқсан,

Тәуелсіздік алған күн.

Мерекеде ел қуанып,

Шаттанып ән салған күн.

Асылхан

--Балалар біз тәуелсіз ел болғандықтан біздің өзіміздің рәміздеріміз бар.
Қане атап шығындаршы(әнұран,елтаңба,көк байрақ)

-Балаларға қиылған рәміздерді береміз. Балалар үш топқа бөлініп суреттерді құрастырады.

-Балалар осы рәміздер жайлы не айта аласындар.

Гимн.

-Қаз.Республикасының гимні-бірлікке, ынтымаққа ,достыққа қызмет етеді.
Жастарды ерлікке ,қайсарлыққа, еліміздің тәуелсіздігін қорғауға шақырады.

Айым

Елтаңба.

-Елтаңбаның көркемдік шешімі шаңырақ, жұлдыз, сондай-ақ аңызға айналған қос пырақ .Қазақстан деген жазуы бар. Қанатты пырақ биікке самғайды, болашақ жайлы армандауды білдіреді.

Ұлдана

Байрақ.

-Көк байрақтың ортасындағы шұғылалы күн,оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген,тік бұрышты көгілдір мата.Матаның сол жағында өрнегі бар.

Айлин

-Айнымайды аспаннан,

Біздің тудың бояуы.

Оны халық қашанда,

Биікке іліп қояды.

Арыстан

Көрініс:

«Қайрат пен тергеуші.»

-Тергеуші:

Сен 16 желтоқсан күні қайда болдың?

-Жолдастарыммен бірге Фурманов көшесінде.

-Жоқ жалған сен көшеде бұзақылармен бірге милиция қызметкерлерін ұрып,
соқтың,өлтірдің.

-мен ешкімді өлтірген жоқпын.

-Акымак сен өлтірдің!Әкетіндер,атыңдар,өлтіріңдер!

-Күнәдән таза басым бар,

21 жасым бар.

Қасқалдақтай қаным бар,

Бозторғайдай жаным бар

Алам десен алындар

Қайрат деген атым бар.(сүйреп әкетеді)



-Жасасын азат ерлік күн,

Жасасын бейбіт ел мен жер.

Бостандық иалған қазақтың,

Мәртебесін көрсін ел.

Алихан

-Желтоқсандық ерлерді есте сақтаймыз

Ерлік ісін аманатын, есте сақтаймыз

Оттан үшін отқа түссен күймейсің

Ізбасары болмай елге жакпайсын

Рамина

-«Нашакор»-деп,»ұлтшыл»-деп,

Қазаққа күйе жаққан күн

Базары кетіп бір күнде

Қайғыға халық батқан күн.

Раяна

-Жарайсыңдар балалар, ал енді еліміз жайлы қандай ән білесіңдер.

«Мен қазақпын»-әніне парод



ия.

-Сонымен балалар ,бүгін біз дербес ел болып, уығымызды қадап ,шаңырығымызды көтеріп, Қазақстан Республикасы атанып , көк байрақ туымызды желбіретіп әлемге әйгілі болуымыздың өзі – осы Тәуелсіздікке қол жеткізуіміздің арқасы. Тәуелсіздігіміз мәңгілікке мирас болсын.

